Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, бақылау, зерттеу қызметі), әңгіме (сөйлеуді дамыту), көркем сөз (көркем әдебиет), ересектер ұйымдастырған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі. Қимылды ойындар, шығарылатын материалмен дербес қимыл қызметі, жеке жұмыс, еңбек				
	қырауды бақылау. Мақсаты : балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. Көркем сөз. Тазартып бар кір шаңнан, Қыс өнерін бастады. Терезеге қыраудан, Сурет салып тастады. Қимылды ойын: «Суыққойлар» Мақсаты : қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.	Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,	Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау) Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек : қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты : балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын : «Біз көңілді баламыз» Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш	Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Қимылды ойын : «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды, бекет тұрғызуды үйрету. Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу	Желді бақылау . Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау. Сұрақтар: 1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады? - үй мұржаларынан шыққан түтіннен - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады. 2. Қыста жел қандай болады? Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты : алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою. Мақсаты: суды қатырып, мұз

	Еңбек : бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс : тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады. Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды. Жұмбақ: Қанат сияқты ақ,	Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын : «Үйсіз қалған қоян» Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.		және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)	қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. Жеке жұмыс: екі аяқпен бірдей қарлы жолмен секіру. Жорамал: қарғалар мен шауқарғалар ағаштың төменгі бұтақтарына отырса – күн желді болады.
Балалардың үйге қайтуы	«Әкем, анам, мен – біз шеберміз!» науқаны. Ата-ана мен баланың бірлескен шығармашылық жұмыстары; балаларға арналған ойын аймақтарын жаңарту арқылы ата-аналардың топ өміріне белсенді қатысуы; ата-аналардың игі істері.				

I- апта
Наурыз айы
27.02–03.03.2023ж.

Фексерілері
Аяз

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.02	Сейсенбі 28.02	Сәрсенбі 01.03.	Бейсенбі 02.03.
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: «Мен демалыс күндерін қалай өткіздім» жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас ойындары және т.			
	Күн, күн, мен сені жақсы көремін! Күн, күн, мен сенен өтінемін, Маған күн, жарық пен жылулық бер! Маған күн, бейбітшілік пен жақсылық бер!	«Аяз» саусақ гимнастикасы Кеш жақындап келеді <i>(қолды екі жаққа созу)</i>, Боран басталады <i>(қолды жоғары көтеріп шайқалту)</i>. Аяз күшейді <i>(қолды жұдырыққа күшпен қысу)</i>, Бет, мұрынды аяз шымшиды <i>(саусақпен бет пен мұрынды аздап қысу)</i>. Қолдар қатып қалды <i>(алақанды ысқылау)</i>, Оларды жылыту керек <i>(алақанға үрлеу)</i>. Кеш жақындап келеді <i>(қолды екі жаққа созу)</i>, Қараңғылық түсті. , ойын ережелеріне бағыну	Әңгіме «Әдемі, жансыз табиғат құбылыстары жанымызда» Мақсаты: балалардың жансыз табиғат құбылыстары туралы білімдерін бекіту; табиғаттың сұлулығын көруге үйрету	«Табиғат құбылыстары» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың табиғат құбылыстары, жыл мезгілдерінің белгілері туралы білімдерін бекіту; ерекшеліктерін атап өту, бірге ойнауды жалғастыру, ойын ережелеріне бағыну

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен отбасындағы балалардың рухани-адамгершілік тәрбиесі туралы әңгімелер. Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес беру (жеке)			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ол балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, күні бойы тәрбиеші ұйымдастырған әр түрлі балалар іс-әрекеті (о эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде жүзеге асырылады. Ойын бұрышындағы ойындар, сурет са домино), құрастыру, кітап қарау, табиғат бұрышында еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау). Балалармен жеке жұмыс			
	«Боулинг» ойыны Мақсаты: зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Орман тұрғындары» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың қыста жануарлар, құстар туралы білімдерін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту) «Қабат» ойыны Мақсаты: зейінді дамыту; логикалық ойлау; кеңістікті шарлай білу. (Құрастыру + математика)	«Киіз үй» қимылды ойыны Мақсаты: заттардың орналасқан жерін табу қабілетін дамыту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артында. (Дене шынықтыру + математика)	«Құрылысшылар» ойыны Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құру; балаларды осы үйдің көлеміне сәйкес терезелерді, шатырларды таңдауға үйрету. (Құрастыру + математика)
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №1			
Таңғы ас	Жуыну: Біз үлгілі баламыз, Судан қорықпаймыз, Таза жуынамыз, Анаға күлімсірейміз. Мақсаты: балалардың назарын тағамға аудару; тамақ мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері. Тақпақ Ақылды, Раяна, тәтті ботқа же,			

	Дәмді, үлпілдек, жұмсақ, хош иісті.			
ҮІӨ дайындық	«Ғажайыптар еліне саяхат» (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Міндеті: балалардың қыс туралы білімін бекіту; ертегі мазмұнын және қыстың нақты құбылыстарын салыстыра білуге тәрбиелеу; сурет бойынша әңгіме құра білуге тәрбиелеу. Шығармашылық зертханасы (сурет салу, сөйлеуді дамыту) Міндеті: Жеке заттардыжәне бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.	Танымдық-зерттеу қызметі «Сабын көпіршігі» (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту) Міндеті: сабын көпіршігінің қасиетімен таныстыру; сабынның қасиеті туралы түсінікті қалыптастыру; зерттеу қызметі нәтижесінде сұрақтарға жауаптарды салыстыру, талдау, табу қабілетін дамыту	«Өлі табиғат құбылыстары мен заттары» (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту) Міндеті: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. Шығармашылық зертханасы (сурет салу, сөйлеуді дамыту) Міндеті: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.	«Сандар әлемі» (Математика негіздері, көркем әдебиеті) Міндеті: сандарды реті бойынша атауда, «Нешінші?» сұрағына жауап беріп, Міндеті: Дайын бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды қалыптастыру (Құрастыру, қоршаған орта)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка жетекшісі Скачкова Т.А. Музыка тыңдау: Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді	Дене шынықтыру	Қазақ тілі Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялықжәнедауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалы білудідамыту. Д/о: «Ән, жыр» Дыбысты дұрыс айтуды бекіту. Тілдік естуді және тілдік белсенділігін, еліктеу айта білуін дамыту.

		иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақ халқының аспабы домбыраның дауысын тыңдау. Дене шынықтыру		
	ҮІӨ арасында дене шынықтыру минуттары өткізіледі			
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану. Ауа-райына байланысты балаларды ретті киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және жеке тәртіп).			
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі			
	Картотека№ 1			
Серуеннен оралу	Рет-ретімен шешіну, киімді шкафқа бүктеп қою, қолды жуу			
	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сунтпен суретін қарау. Олар туралы әңгіме. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)			
Түскі ас	Үстелге ұқыпты тамақтану дағдысын бекіту. Түскі ас кезінде қасықты үш саусақпен ұстап, ауызға бүйір жағынан алып, ерінмен тамақ ішуді үйрендіру. Дұрыс қалыпты сақтай отырып, ұқыпты, үнсіз тамақтану. Балалардың назарын балабақша аспаздары дайындаған тағамға аудару. Оның адам үшін қажетті екенін қолдану. Кім ұқыпты тамақтанады, Қарау әрқашан жағымды. Әруақытта әдемі тамақтанамыз, Содан кейін бәріне «рахмет» айтамыз. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)			
Күндізгі ұйқы	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. Тыныш ұйқы үшін қолайлы жағдай жасау. Қазақ композиторларын классикалық музыкасына ұйықтату. Тыныш, тыныш, тыныштық! Сөйлесуге болмайды! Біз шаршадық-ұйықтау керек – Төсекке тыныш жат Біз тыныш ұйықтаймыз.			

	(Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)			
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Жалпақ аяқтың алдын алу үшін ортопедиялық жолмен жүру. Білімді бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. «Су, су, менің бетімді жу» ойын жаттығуы			
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Үй және жабайы жануарлар» әңгімелесу Мақсаты: жануарлар мен олардың айырмашылықтары туралы түсініктерді нақтылау және кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Ертегілер театры» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды қарапайым сюжетті ойлап табуға шақыру; рөлді орындау. (Қоршаған әлеммен танысу + сөйлеуді дамыту)	Құрастырамыз: «Жануарлар әлемі» Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жетілдіру, жануарларды қазақ тілде атау (құрастыру, мүсіндеу) Міндеті: Мүсіндеу кезінде түрлі әдістерін қолдану. Кескішті қолданып, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.	Балалардың қызығушылықтары бойынша ойындары (дидактикалық ойындар, көрнекіліктер)
Түстен кейінгі ас	Ұқыпты жуыну дағдысын тәрбиелеу. Тақпақ айту: Біздің қасығымыз бар. Өзі аздап сиқырлы. Міне – тәрелке, міне – ас. Онда ештеңе қалмайды. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу)			
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес өтеді: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, үйлесімді сөйлеу, белгілермен жұмыс			
	Аянамен: Қарым-қатынас дағдылары	Санжармен: Физикалық дағдылар «Торғай мен	Арлан және Аюбпен: «Кімнің құсы	Аңсармен: «Сағат тықылдайды» Мақсаты: Дыбыстарды айтуды, дыбыстау аппаратын дамыту. «К», «т» дыбыстар

	«Оқиға ойлап тап» Мақсаты: грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру	автомобиль» қимылды ойыны Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді, реакция жылдамдығын дамыту	алысқа ұшады?» Мақсаты: Ұзақ, бағытталған, бірқалыпты ауызбен дем шығаруды қалыптастыру.	қарқынын, сөздерді жылдам және баяу, қатты және жай айтуды шынықтыру
Серуенге дайындық	Киім ауыстыратын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: жү			
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, бақылау, зерттеу қызметі), әңгіме (сөйлеуді дамыту), көр			
	<i>Бақылау:</i> Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. <i>Қимылды ойын: «Құлыншақтар»</i> Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. <i>Еңбек:</i> Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. <i>Өз бетімен ойындар:</i>	<i>Жұмбақ</i> Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) <i>Бақылау:</i> Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. <i>Тәжірибе:</i> қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру. Шешімін жасау. <i>Қимылды</i>	<i>Жұмбақ</i> Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) <i>Бақылау:</i> Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. <i>Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі»</i> (татар халық ойыны) Санамақ арқылы	<i>Жұмбақ</i> Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) <i>Бақылау:</i> Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның б байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер»</i> Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. <i>Еңбек: Өсімдіктерге су құю</i> Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналы суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты <i>Өз бетімен ойындар: Айналада ойын</i> Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін бары

	Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру.	<i>ойын: «Күн мен түн»</i> Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. <i>Еңбек:</i> Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау. Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Ойын ережелерін сақтап, жауапты ролдерді орындай білуге үйрету.	жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. <i>Еңбек: Жолдарды қардан тазарту</i> Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау.	
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға арналған кеңес «Табиғат әлеміне ұқыпты қарау».	Ата-аналардың жеке өтініші бойынша әңгімелесу мен кеңес беру.	Ата-аналармен демалыс күндері күн тәртібін сақтау туралы әңгімелесу	

Әңгімелері
Ақыл

II- апта
06.03–10.03. 2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 06.03	Сейсенбі 07.03	Бейсенбі 09.03	Жұма 10.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Мақсаты: Достық атмосфера құру «Сәлемдесу» ойын Мақсаты: қуанышты көңіл-күй, эмоционалды жауап беру және бір-біріне құрметпен қарау. Әр бала кездесуді таңдайды. Мақсаты: «Таңды жақсылықтан бастайық» көктемгі ән тыңдау. (Музыка, сөйлеуді дамыту)			
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Үй режимін сақтау туралы қыңыр балалардың ата-аналарымен әңгімелесу. «Баланы маусымдық өзгеріске сай киіндіру» көктемгі киім үлгісі			
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т.б.)	Психогимнастика «Әр түрлі тұлғалар» Мақсаты: балаларды өз келбетімен тәжірибе жасауға түрткі болу (мимика, ишара); балалардың бір бейнеден екіншісіне ауысу қабілетін дамыту. (Дене дамуы)	«Көктем әдемі уақыт» сурет қарау Мақсаты: табиғаттағы көктемгі өзгерістерді талқылау. (Сөйлеуді дамыту)	Аптаның өлеңін үйрену Әлемде ертегі көп, Қайғылы және күлкілі, Және әлемде өмір сүру Оларсыз бізге мүмкін емес. Ертегілерден үзінді оқу; ертегі аты бойынша балалардың білімін нақтылау. (Көркем әдебиет)	Құрастыру: «Ертегі қалашығы» Мақсаты: қиялды, әртүрлі материалдардан құрастыруға қызығушылықты дамыту. (Құрастыру)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені Картотека №2			
Таңғы ас	Кезекшілік: майлықтарды орналастыруға, үстелді жабдықтауға, қасықты оң жаққа дұрыс қоюға көмектесу. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақ мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; балалардың ұқыптылығын бағалау. Ойын жаттығуы Су, су, бетімді жу. Көздерім жарқырасын, Жуамын тісімді ысқылап, жуамын бетімді қызартып! Ас құралдарының атауларын қазақ тілінде айту (ложка – қасық, тарелка – тәрелке, кружка – пиала, нож – пышақ). (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)			
ҰІӨ дайындық	«Өзіңе және басқаларға алғашқы көмек» (өзара оқыту	«Егер дос басқа болса» (басқа түрге өзгеру ойыны)	«Мен үшін не маңызды?» (пікірталас ойыны)	«Сәлем, хош иісті сабын» (ойын-қорытынды)

	ойыны) Мақсаты: балаларды көгеру, жара, кесу, күйік, үсік шалу, көзге дақ түсу кезінде алғашқы көмек көрсетудің негізгі қарапайым ережелерімен таныстыру; қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру. (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: адамның күнделікті өмірдегі қауіпсіз мінез-құлқының негізгі ережелері туралы білімді бекіту; жеке қауіпсіздік үшін жауапкершілік сезімін, басқа адамдарға көмек көрсетуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: балаларда көкөніс-жемістің денсаулыққа пайдасы туралы түсінік қалыптастыру; кемпірқосақ түсін, оны аспан аясында орналастыру ретін бекіту. (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: балаларды сабын қасиетімен және түрімен таныстыру; балалардың күнделікті өмірде сабынды не үшін қолданатыны туралы білімін бекіту және нақтылау; балаларды «тазалық – денсаулық кепілі» екенін түсіндіру; мәдени-гигиеналық дағдыны тәрбиелеу. (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка Ән айту: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Дене шынықтыру	Қазақ тілі Сөздік қор. Шағынөлендер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу. Д/о: «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Суреттерге қарап дұрыс сұрақтарға жауап беруге үйрету, жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру.	Музыка Ән айту: Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге шығуға ынталандыру; серуенге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер; балалардың өзіндік қимыл белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (Сөйлеуді дамыту) Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау. (Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)			
Серуен	Картотека №4	Картотека №5	Картотека №6	Картотека №7
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, сондай-ақ жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түреу, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды сығу. «Балалар қолдарын жуады» суреттерін қарау. Олар туралы әңгіме. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту, физикалық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету)			
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетінің дағдысын тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; ұқыптылық дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. (Мәдени-гигиеналық дағдылар)			

	Ас құралдарының атауларын қазақ тілінде айту (ложка – қасық, тарелка – тәрелке, кружка – пиала, нож – пышақ). (Қазақ тілі) Тақпақ айту: Кім ұқыпты тамақтанады, Қарау әрқашан жағымды. Біз әрқашан әдемі тамақтанамыз, Содан кейін «рахмет» айтыңыз. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)			
Күндізгі ұйқы	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Аю» бесік жырын тыңдау. (Музыка) Біз тыныш демаламыз, Сиқырлы арманмен ұйықтаймыз. (Көркем әдебиет)			
Біртіндеп ұйқыдан тұру	Кереуеттегі гимнастика. Жалпақ табанның алдын алу. («Қысқы орманға барамыз» түзету жүрісі). Массаж жолдарымен жүру. Су процедуралары. (Дене дамуы)			
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Кітап емханасы» ойыны Мақсаты: кітаптарға ұқыпты қарауға үйрету. Міндеті: Таныс оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылап, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналау. Сурет қарау және «Көктемгі тамшы» тақырыбында музыка тыңдау Міндеттері: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен танысу)	«Қуыршақ театрына саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану; «Не өзгерді?» дидактикалық ойын Мақсаты: үйлесімді сөйлеуді, зейінді, көрнекі ойлауды дамыту. (Көркем әдебиеті, қоршаған әлеммен танысу, дене дамуы)	«Шаштараз» сюжетті-рөлдік ойыны Міндеттері:өзіменқұрдастарыныңжауабындағықателіктердіжәнежауаптыңдұрыстығынажыратабілуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеусипатындағысұрақтардықояуға,бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауғамүмкіндік беру.(Қазақ тілі, қоршаған орта) «Мұқият тыңда» жадты дамыту ойындары Міндеттері:естіген дыбыстарды дұрыс айтып, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табуды үйрету;(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық қызмет: сурет салу, мүсіндеу. (Сурет салу, мүсіндеу) Міндеттері: Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту. Мүсіндеу кезінде түрлі әдістерін қолдану. Еңбек қызметі «Өсімдіктерге күтім қажет» Міндеттері: ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. (Дене дамуы, қоршаған әлеммен танысу)
Бесін ас	Ұқыпты жуыну дағдысын тәрбиелеу. (Мәдени-гигиеналық дағды)			

	Қиындық болмас үшін тамақтану ережесін есте ұста!			
Балалармен жеке жұмыс	Көркем және Русана: Д/о: «Суретті ата және сипатта!», «Көктем» Міндеттері: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.) (Қоршаған орта, көркем әдебиеті)	Арлан мен Санжар Мүсіндеу мен жапсыруда техникалық дағдыны жетілдіру (стек, қайшымен жұмыс) Міндеттері: Кескішті қолданып, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру.	Раяна мен Аяна «Ертегі үй» құрылыс ойынына қатысуды ынталандыру Дайын бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды қалыптастыру. (Құрастыру)	Аюбпен: «Нені толықтыру керек?» ойыны арқылы үйлесімді сөйлеуді дамыту.
Серуенге дайындық	Киім ауыстыратын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуенге шығуға қызығушылықты ынталандыру. Балалармен «Көктемгі тамшы» тақырыбында жеке әңгімелер. «Шкафтарды ретке келтірейік» ойыны. (Дене дамуы)			
Серуен	Көктемде ауа-райы құбылыстарын бақылау. (Қоршаған әлеммен танысу) Қимылды ойындар. (Дене дамуы)			
	Желді бақылау <i>Жұмбақ</i> Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) <i>Бақылау:</i> Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер»</i> Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. <i>Еңбек: Өсімдіктерге су</i>	Аспанды бақылау <i>Жұмбақ:</i> Орманның, таудың үстінен Ірі кілем төселген Менің де, сенің де Үстіңнен жайылған Бірде сұр, бірде көк, Бірде көгілдір. (Аспан) <i>Бақылау:</i> Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан, ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым	Бірінші будак бұлттарды бақылау <i>Жұмбақ</i> Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) <i>Бақылау:</i> Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен»</i>	Қарды, қар еруін бақылау <i>Жұмбақ</i> Әкетей аппақ, Аспаннан ұшқан. Қыс бойы жатып, Жерге қашқан. (Қар) <i>Өлең</i> Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнің тындап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. <i>Бақылау:</i> Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын

	күю Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар: Айналада ойын</i> Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.	түсініктерді қалыптастыру. <i>Қимылды ойын: «Қоңырау»</i> Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <i>Еңбек: Тұқымды отырғызу.</i> Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.	Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. <i>Еңбек:</i> Өсімдіктердің топырағын копсыту Аулада айналысады. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. <i>Өз бетімен ойындар: Әткеншек тебу</i> Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қалып, өзара көмек.	үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. <i>Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал»</i> Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. <i>Еңбек:</i> Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. <i>Өз бетімен ойындар: Спорт алаңындағы ойындар</i> Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	«Анамның портреті». Балалардың тақырыпқа байланысты суреттері.	8 наурызға дейін әкелер мен балаларды сыйлық жасауға тарту	«Мен және менің отбасым» үйде сурет саламыз Мақсаты: ата-аналар мен балаларды бірлескен іс-әрекетте біріктіру	«Мен не үйрендім?» Апталық қорытынды.

Ақпарат
Ақпарат

III- апта
13.03–17.03. 2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 13.03	Сейсенбі 14.03	Сәрсенбі 15.03	Бейсенбі 16.03	Жұма 17.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосфера құру. «Достық» жаттығуы Мақсаты: балалар ұжымында достық қарым-қатынасты дамыту. (Дене дамуы) «Көктем» көктем әнін тыңдау. (Музыка, сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Наурыз мейрамы» мерекесіне әзірлік				
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау және т.б.)	«Дамытушы лото» (геометриялық фигуралар) Міндеттері: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) ажыратып, атау және көру және сипап сезу арқылы зерттеудағдыларын қалыптастыру; (Математика негіздері)	«Сиқырлы пазлы» Міндеттері: Дайын бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды қалыптастыру. (Құрастыру)	«Дымбілмес шоты» дидактикалық ойыны Міндеттері: заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; (Математика негіздері)	«Көңілді бұршақтар» үстел ойыны Міндеттері: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту. (Қоршаған әлеммен танысу, математика негіздері)	Қағаздан құрастыруда түрлі әдістерді қолдануды дағдыландыру; «Тостаған» Мақсаты: қиялды, түрлі материалдардан жасауға қызығушылықты дамыту. (Құрастыру)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу кешені Картотека №1				
Таңғы ас	Кезекшілік: майлықтарды орналастыруға, үстелді жабдықтауға, қасықты оң жаққа дұрыс қоюға көмектесу. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақ мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; балалардың ұқыптылығын бағалау. Ойын жаттығуы Су, су, бетімді жу. Көздерім жарқырасын, Жуамын тісімді ысқылап, жуамын бетімді қызартып!				

	Ас құралдарының атауларын қазақ тілінде айту (ложка – қасық, тарелка – тәрелке, кружка – пиала, нож – пышақ). (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, мәдени-гигиеналық дағдылар)				
ҰІӨ дайындық	«Бір күні ертегіде» - қиял ойыны (Құрастыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Міндеттері: Дайын бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды қалыптастыру. Таныс оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылап, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналау. Сахналық қойылымдарға қатысуға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану;	«Үш мысық» (Көркем әдебиет, мүсіндеу, қоршаған әлеммен танысу) Міндеттері: Кескішті қолданып, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ойын, еңбек, эксперимент барысында (ермексаздың) қасиеттерін анықтау.	«Сұлу көктем» (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту, қолдану) Міндеттері: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.)Композицияны құрастыруда, өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. «Көктем» тақырыбында сөздік қорын жандандыру	«Көктемгі тамшы» (Қазақ тілі, сурет салу) Міндеттері: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсініп, сөздерді байланыстырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру; -Жеке заттардыжәне бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.	«Күн жарқырайды» (Музыка, көркем әдебиет, сурет) Мақсаты: тақпаққа қызығушылықты арттыру; күн жарқырап, қыздыруда деген түсінікті бекіту, адамдар да, өсімдіктер де күнге қуанады; сөздік қорын жандандыру; дөңгелек нысандарды салу және суреттегі көңіл-күйді жеткізу қабілетіне тәрбиелеу
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка Ойындар,хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату,үлкен шеңберге және шашырап тұру. Дене шынықтыру перспективалық жоспары бойынша	Дене шынықтыру	Қазақ тілі Міндеттері: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсініп, сөздерді байланыстырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру; «Дастарқан мәзірі» Мақсаты: Балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауы ажыратып атай білуге үйрету. Дастарқан	Музыка Ойындар, хороводтар: Халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату,үлкен шеңберге және шашырап тұру.

				мәзірін жасауда қажет заттарды айтқызу арқылы сөздік қорын байыту.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге шығуға ынталандыру; серуенге арналған ойын материалын таңдау; балалармен жеке әңгімелер; балалардың өзіндік қимыл белсенділігіне жағдай жасау, балалармен спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (Сөйлеуді дамыту) Ауа-райына байланысты балаларды реттілікпен киіндіру, дұрыс киінуді қадағалау. (Сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Картотека№8	Картотека№9	Картотека№10	Картотека№11	Картотека№12
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру, сондай-ақ жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түреу, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды сығу. «Балалар қолдарын жуады» суреттерін карау. Олар туралы әңгіме. Дербес ойын әрекеті. (Сөйлеуді дамыту, физикалық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетінің дағдысын тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; ұқыптылық дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. (Мәдени-гигиеналық дағдылар) Ас құралдарының атауларын қазақ тілінде айту (ложка – қасық, тарелка – тәрелке, кружка – пиала, нож – пышақ). (Қазақ тілі) Тақпақ айту: Баяғыда жүз бала дос болыпты, Барлығы балабақшаға барыпты. Барлығы түскі асқа отырып, Барлығы жүз котлет жепті. Содан кейін бәрі ұйқыға кетті. Қайтадан санай бастаңыз. Біз әрқашан әдемі тамақтанамыз, Содан кейін «рахмет» айтамыз. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)				
Күндізгі ұйқы	Гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Аю» бесік жырын тыңдау. (Музыка) Біз тыныш демаламыз, Сикырлы арманмен ұйықтаймыз. (Көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан тұру	Кереуеттегі гимнастика. Жалпақ табанның алдын алу. («Қысқы орманға барамыз» түзету жүрісі). Массаж жолдарымен жүру. Су процедуралары. (Дене дамуы) Картотека№3				
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Туған күн» сюжетті-рөлдік ойыны Міндеттері: сан есімдерді	Танымдық-зерттеу қызметі «Ауа- райын бақылау»	«Сүйікті кітап кейіпкерімен саяхат» сюжетті-рөлдік ойыны	«Ұлттық тағамдар күні» сюжетті-рөлдік ойын Міндеттері:Естіген	Үстел үсті ойындары: «Бірге оқимыз» «Күлкілі сандар».

	ретімен атап, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтуға баулу Этикалық әңгіме: «Қонақтарды күтеміз» және «Қазақтың ұлттық билері». Міндеттері:бір-біріменеркіндиалогқұруға,еркінталқылауғамүмкіндік беру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Міндеттері: Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауғанын, жел соғуы), соған сәйкес киіну. (Қоршаған әлеммен танысу) Таңдау бойынша шығармашылық қызмет: сурет салу, мүсіндеу, жапсыру	Міндеттері:Таныс оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылап, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналау. Сахналық қойылымдарға қатысуда образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдану; (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	дыбыстарды дұрыс айтып, белгілі дыбысқа ауызша сөздерді табуды үйрету; Артикуляциялықжәне дауысаппаратын,сөйлеудетынысалуды,фонематикалықкестуді,анықжәнеқалыптқықарқынменсөйлей білудідамыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	(Математика негіздері) Міндеттері:сандарды реті бойынша атауда, «Нешінші?» сұрағына жауап беріп, қорытынды санды атауға дағдыландыру; Еңбек қызметі: бөлме өсімдіктерін суару, бұрыштағы бөлме өсімдіктерін күту (Дене дамуы, қоршаған әлеммен танысу)
Бесін ас	Ұқыпты жуу дағдысын тәрбиелеу. (Мәдени-гигиеналық дағдылар) Қиындық болмас үшін тамақ ережелерін еске түсірейік!				
Балалармен жеке жұмыс	Айсұлумен: «Біздің ортақ үйіміз» сюжетті-рөлдік ойындарына белсенді қатысуды ынталандыру (Қоршаған ортамен танысу)	Әміремен: Д/о: «Суретте не бар екенін тап», «Пойыз» (Көркем әдебиеті, қоршаған орта)	Әміре мен Санжар Мүсіндеу және жапсыру бойынша техникалық дағдыны жетілдіру. (Стек, қайшымен жұмыс)	Мединамен: «Итке арналған үйшік» құрылыс ойынына қатысуды ынталандыру (Құрастыру)	Лейламен: «Зат белгісін таңда» жаттығуы Міндеттері: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану (Сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Киім ауыстыратын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін сақтауға, сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру. «Күн неге жарқырайды?» тақырыбында балалармен жеке әңгіме «Ең жақсы шкаф қандай?» ойын (Дене дамуы)				
Серуен	Қар суын бақылау <i>Жұмбақ</i> Жатты да жатты,	Жылғаны бақылау <i>Жұмбақ</i> Жылт-жылт еткен	Сүңгіні бақылау <i>Жұмбақ</i> Отқа жанбайды,	Тамшыны бақылау <i>Жұмбақ</i> Мұрны жоқ шымшық,	Өзендегі мұздың еруін бақылау. <i>Тақпақ</i>

	Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) <i>Бақылау:</i> Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің ұзақ жарығында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған бірінші шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. <i>Қимылды ойын: Горелки</i> (орыс халқының ойыны) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. <i>Өз бетімен ойындар: Асфальтқа бормен сурет салу</i> Балаларды асфальтқа бормен сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.	Жырадан өткен. (су) <i>Бақылау:</i> Көктемдегі құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыру. Жылғалардың пайда болуына назар аудару: неліктен су бір жерде ғана ағады, ал бір жерде ақпайтынын түсіндіру. Жинақталған тәжірибе арқылы табиғат құбылысының байланысын анықтау. <i>Қимылды ойын: «Қармақ»</i> Балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортада тәрбиеші. Оның қолында «қармақ» (скакалка) қармақты төменнен айналдырады, ал балалар «қармаққа» түсіп қалмау үшін орында тұрып жоғары секіреді. Кімге қармақ тиіп кетсе, сол ойыннан шығады. <i>Еңбек: Аула маңын қоқыстан тазарту</i> Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікке тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар: «Қайық</i>	Суға батпайды. (мұз) <i>Бақылау:</i> Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). <i>Тәжірибе:</i> Сүңгіні колда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. <i>Қорытынды:</i> Сүңгі-бұл қатқан су, жылыда ол ериді. <i>Қимылды ойын: «Қоймадағы тышқандар»</i> Өрмелеу тәсілдерін орындау білімін бекіту. Ойынның ережесін сақтау. Белгі бойынша ұйымдасқан түрде ойнау. <i>Еңбек: Ауладағы еңбек.</i> Қоқысты балаларға жинауды үйрету және оларды белгіленген жерге апарту. Тазалыққа тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар: Сүйікті</i>	Мұз тесер.(Тамшы) <i>Бақылау:</i> Көктем құбылысы – тамшыға назар аударып бақылау. Балалардың сөздік қорларын байыту. Табиғат құбылысының «күн қыздырады» - «төбеде қар ериді» деген түсініктермен таныстыру. <i>Қимылды ойын: «Кім жоғары секіреді»</i> Бір орында секіру, қимыл – қозғалысын шапшаңдықтарын арттыру. Жолдастық сезімдерін арттыру. <i>Еңбек: Табиғат бұрышындағы жұмыс</i> Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру.Өздігіне н балықтарды тамақтандыруды қалыптастыру. Еңбекке деген сүйіспеншілігін дамыту. <i>Өз бетімен ойындар: «Көпіршік сабын буларды үрлеу»</i> Балалар арасында	«Көктемгі су» Н.Айытов Қаусатып қар боранды Сарқырады бұлақтар Көктем қайтып оралды Құлпырды сай қыраттар Таулар тастап ақ тонын Сағым ойнап,көзді алып Көк торғынға оранды Жақын тартты жырақтар <i>Бақылау:</i> Көктемде күн қызуын мол шашып, күн жылына бастайтынын түсіндіру. Өзен мен көлдерде сең жүре бастайды. Табиғат құбылыстарына деген байқампаздық пен қызығушылықты дамыту.Өз беттерінше қорытынды жасап, сөздік қорларын байыту. <i>Қимылды ойын: «Қояндар»</i> Белгі бойынша қателеспей әрекет жасауға үйретуді жалғастыру (бастаушы айтады,бірақ өзі бөтен қимылдар жасайды). Өзенге секіру, жағаға
--	---	--	--	--	--

		станциясы» Қайықшалар жіберуге ұсыныс жасау. Өз еріктерімен пайда болған ойын тобын мадақтау.	ойыншықтармен ойын Балаларды өзінің сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу.	қалыпты қарым-қатынасты орнату, көпіршіктермен ойнау. Достарының пікірімен санасуға тәрбиелеу.	секіру(жерде бір-біріне қарама-қарсы сызықтар). Ойын кезінде жаттығу жасауда, күш пен жігерлікті дамыту. <i>Еңбек:</i> Өз қалауымен еріген қар бетіндегі қоқысты тазартады. Бірлескен еңбек әрекетіне қатыса білуге тәрбиелеу. Еңбек әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Әр бала өз қалауы бойынша ойындар таңдап алып ойнауға, ұжым болып ойнай білуге тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	Наурыз мейрамына дайындық	«Көрісу күні» Наурыз мейрамының бастауы	«Шежіре күні» ақсақалмен сұхбат, бата беру.	«Менің отбасымның сүйікті ұлттық тағамы» тақырыбына фотосуреттер байқауы	«Наурыз мейрамы» ұлттық челледжі

Әңгімелері
Ақыл

ІҮ- апта
20.03–24.03. 2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 20.03	Жұма 24.03
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосфера құру.	
Ата-аналармен кенес, әңгімелесу	«Баланы жолда өзін дұрыс ұстауға үйрету оңай ма?» ата-анамен жолдағы қауіпсіздік туралы әңгімелер	
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және т.б.)	«Мен айналада не көремін» жаттығуы Мақсаты: балаларды өздеріне қатысты заттардың орналасуын анықтауға үйрету: жоғарғы, төменгі, алдыңғы, артқы, сол, оң. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен танысу, математика негіздері) «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойыны	«Көктем» тақырыбында сурет қарау Мақсаты: балалардың көктем, оның белгісі мен құбылысы туралы түсінігін кеңейтуді жалғастыру және балаларды жалпы ұсынысты қолдана отырып, тәрбиешінің сұрағына жауап беруге үйрету. (Қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту) «Көктем» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалармен көктем белгісін бекіту; зат есімге сын есімді таңдауға үйрету; сөйлеуді, есте сақтауды, ойлауды дамыту. (Математика негіздері)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығулар кешені Картотека №2	
Таңғы ас	Үстелді жабдықтау: мәзірмен танысу; асхана керек-жарақтарын таңдау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық жабдығына аудару. Біз ыдысты үстелге Әдемі орналастырамыз. Қарандаршы, достар: Жабдықталды тамаша! (Сөйлеуді дамыту)	
ҰІӨ дайындық	«Білім еліне саяхат» Мақсаты: балалардың танымдық және шығармашылық міндеттерін өз бетінше шешуге деген қызығушылығын дамыту; балалардың сөздік қорын жандандыру; қайшыны дұрыс ұстау және пайдалану қабілетін қалыптастыру; сөздік қорын жандандыру. (Шығармашылық, танымдық, коммуникативтік дағды)	«Көктем бізге қонаққа келді!» Мақсаты: табиғат құбылыстарының бірі – жаңбырды бейнелейтін тік сызықтарды дұрыс салуға үйрету; сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту; 5 шегінде санау дағдысын қалыптастыру; әннің сөздерін анық және мәнерлі айтуға үйрету. (Шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалды, танымдық дағды)
Ұйымдастырылған	Дене шынықтыру	Музыка

іс-әрекет		Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, сазсырнайда барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
Серуенге дайындық	Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу. Шешіну кезінде киімді аударуды, ұқыпты бүктеуді, бірізділікті сақтай отырып, өз бетінше киінуді үйренуді жалғастыру. Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын дамытуды жетілдіру. (Дене дамуы) Шығарылатын жабдықтар: секіргіш жіп, доп, күрек, карталар	
Серуен	Картотека №13	Картотека №14
Серуеннен оралу	«Айгүлге киімді қалай шешетінімізді көрсетейік» ойын жағдайы Мақсаты: киімді ұқыпты бүктеу, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын бекіту; серуеннен кейін киімді ретке келтіру; бір-біріне көмек көрсетуге үйрету. Өзіндік ойын, әрекет. (Дене дамуы, сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысы, жалпы және ұсақ моториканы дамыту)	
Түскі ас	«Қасық ал, нан ал – түскі асқа кел». Асхана құралдарын дұрыс пайдалану, үстелде дұрыс отыру, ұқыпты, үнсіз жеу; екі тілдік компонентті қолдану (нан – хлеб, шәй – чай, май – масло); күнделікті өмірде сөздерді қолдануға үйрету. (Қазақ тілі)	
Күндізгі ұйқы	Музыкалық сүйемелдеу. Классикалық музыка. (Музыка)	
Біртіндеп ұйқыдан тұру	Картотека №4 Кереуетте жаттығу. Жалпақ табанның алдын алу. («Жаяу жүру» түзету серуені)	
Балалардың өзіндік іс-әрекеті	«Бас қатырғыш» дидактикалық ойын Міндеттері: геометриялық фигураларды зерттеу, көру және сипап сезу арқылы зерттеудағдыларын қалыптастыру. (Математика негіздері) «Мен суретшімін» Міндеттері: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. дәстүрлі емес сурет салу дағдысын қалыптастыру. (Сурет салу, дене дамуы)	«Көңілді пазл» дидактикалық ойыны Мақсаты: ұсақ моториканы, қиялды дамыту. «Дүкен» сюжетті-рөлдік ойын Мақсаты: санау және қорытынды санды атауға дағдыландыру. (Дене дамуы, математика негіздері)
Бесін ас	Балаларда ұқыпты тамақтану дағдысын жетілдіру, сыпайылық көрсету: ересектерге алғыс айту. Балалардың назарын азыққа аудару; тамақтану мәдениеті дағдысын тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс Біздің қасығымыз бар. Өзі аздап сиқырлы. Міне – тәрелке, міне – ас. Онда ештеңе қалмайды. (Сөйлеуді дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс	Мединамен: Танымдық және зияткерлік дағдылар «Сөз таңда» дидактикалық ойыны	Әміремен: Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Мейірімді Бегемот» дидактикалық ойыны

	Міндеттері: Кеңстіктегі заттардың орналасу бағытын анықтап (жоғарда- төменде, үстінде- астында, қасында т.б.), сөзбен белгілеуді қалыптастыру; (Сөйлеуді дамыту, қоршаған әлеммен танысу, математика негіздері)	Міндеттері: Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. (Дене дамуы, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Бекіткіштің басқа түрлерін қолдануға машықтану. Киім ауыстыратын бөлмеде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. Сыпайы сөздерді қолдану арқылы көмек сұрауға шақыру	
Балалармен жеке жұмыс	Исламмен: «Тыңда, қайтала, сөздерді өзгертпе» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды сөз қатарын жаңғыртуға үйрету; фонематикалық есту, есте сақтау қабілетін дамыту	Мединамен: «Керісінше айт» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларға антоним сөздерді таңдауға үйрету	Аянамен: «Әңгіме ойлап тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: «Көктем» картинасы бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.
Серуенге дайындық	Сыпайы сөздерді қолдана отырып, киім ауыстыратын бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: реттілік, серуенге шығу. Серуенге баруға ынталандыру. «Табиғатты бірге аялайық» тақырыбында балалармен жеке әңгімелесу. «Не болмайды» ойыны		
Серуен	Тастарды бақылау Мақсаты: <i>тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.</i> Бақылау барысы Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? Асыл тастарды не үшін пайдаланады? Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?	Бұлттарды бақылау Мақсаты: <i>өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.</i> Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұлт дегеніміз не? ♦ Бұлттардың түсі қандай болады? ♦ Бұлттар неден тұрады? (<i>сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.</i>) ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (<i>түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар,</i>	Желді бақылау Мақсаты: - <i>жел туралы түсініктерін бекіту;</i> - <i>жел түрлерін есте сақтау.</i> Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: Желдің қандай түрлері болады? Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс

	Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. <i>Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын. «Бәйге». <i>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.</i> Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту <i>Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру.</i>	<i>түнерген найзағайлы бұлттар)</i> ◆ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ◆ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ◆ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ◆ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ◆ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.</i> Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». <i>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.</i>	пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ◆ Барынша қатты желдердің атын ата? (<i>дауыл, құйын, бұрқасын, боран.</i>) ◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ◆ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i> Қимылды ойын «Кім жылдам?». <i>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.</i> Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.
Балалардың үйге қайтуы	«Балаларға соғыс ардагерлері туралы айт» ата-аналарға кеңес.	«Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмытылмайды» фотосурет көрмесі.	Аулада гүлзарға гүл отырғызу бойынша жұмыс

Белгілері
Ақыл

III- апта
15.05–19.05.2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 15.05	Сейсенбі 16.05	Сәрсенбі 17.05	Бейсенбі 18.05	Жұма 19.05
Балаларды қабылдау	Апта өлеңі «Жаз» (Коммуникативтік дағды)	Саусақ гимнастикасы Сәлем, алтын күн Сәлем, көк аспан Сәлем, еркін жел Сәлем, кішкентай емен Біз бір өлкеде тұрамыз Барлықтарыңа сәлем. (Қарым-қатынас, әлеуметтік дағды)	Саусақ гимнастикасы Сәлем, алтын күн Сәлем, көк аспан Сәлем, еркін жел Сәлем, кішкентай емен Біз бір өлкеде тұрамыз Барлықтарыңа сәлем. (Қарым-қатынас, әлеуметтік дағды)	«Орман» психогимнастика Мақсаты: есте сақтауды, зейінді, қиялды дамыту. Бүгін біз орманға барамыз. Сендердің қайсысың орманда болды? Сізге орманның несі ұнайды? (Әлеуметтік, коммуникативті дағды)	Орманға не киеміз? (Өр баладан сұрау) Барлығынан сұрап жүріп, кімге қандай киім кигізетінімді мүлде ұмытып қалдым, есіңе түсіріңдерші, өтінемін. Алақанда көбелек, құс, инелік отырды деп елестетіндер. Не сезіндіңдер?» (Әлеуметтік, коммуникативті дағды)
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Баланың қыңырлығымен қалай күресу керек» ата-аналармен әңгімелесу «Бала ұялшақ болса» ата-аналармен әңгіме. Ата-аналардың өтініші бойынша кеңестер				
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау)	«Жаздың белгілері» дидактикалық ойыны Міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға баулу; «Не жасыл болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: ойлау қабілетін	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: жыл мезгілдері туралы білімді бекіту, әсерді бөлісе білу; сөйлеуін, зейінін, есте сақтауын дамыту. (Әлеуметтік, коммуникативті дағды)	«Әдептілік сабақтары» дидактикалық ойыны Мақсаты: әр түрлі өмірдегі мінез-құлық ережелерін үйретуді жалғастыру Жағдай: театрда, қонақта, көлікте, аулада және үйде; балалардың сөздік қорын молайту; зейінін, есте сақтау және байланыстырып сөйлеу	«Гүлдерді ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: түстер туралы білімдерін толықтыру. «Не өсіп жатыр?» дидактикалық ойыны. Міндеттері: суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, 4-5сөйлем мен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған	«Ағашты тап» дидактикалық ойыны суреттер бойынша әңгіме құрастыру, 4- 5сөйлем мен сипаттау. (Танымдық дағды, коммуникативті дағды)

	дамыту. (Танымдық дағды, коммуникативті дағды)		дағдыын дамыту. (Әлеуметтік дағды)	дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. (Танымдық дағды, коммуникативті дағды)	
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу Картотека№1				
Таңғы ас	Үстелді жабдықтау: кезекшілерді анықтау; мәзірмен танысу; ас құралдарын таңдау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық безендірілуіне аудару. Дәмді ботқа буы бұрқырап, Маша ботқа жемек болды. Ботқа өте пайдалы, Оны асықпай жеді. Тоқтамастан қасықтап, Аз-аздап жеді...				
ҰІӨ дайындық	«Көктем гүлдері» шығармашылық шеберханасы Міндеттері: элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. (Шығармашылық, қарым-қатынас, танымдық дағды)	«Көктемгі бұлақ» ойыны Мақсаты: салауатты өмір салтына қызығушылықты қалыптастыру; өсімдіктер мен шөптердің әртүрлі түрлерімен таныстыру; шығармашылық қиялын дамыту. (Физикалық, танымдық дағды)	«Ақылды ит Соня» ертегісі Міндеттері: кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез- мейірімді, ақкөңіл- салмақты) ынталандыру (Қарым-қатынас, танымдық дағды)	«Топырақ» танымдық зерттеу әрекеті Мақсаты: топырақтың негізгі қасиеттерімен таныстыру және бекіту; ұсақ моториканы дамыту; балалардың зейінін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Саяжай және бақша» тақырыбына суреттерді тексеру. (Танымдық, әлеуметтік дағды)	«Жылыжай» құрастыру Мақсаты: бір бөлікті екінші бөлікке ауыстыру, біріктіру дағдыын тәрбиелеу; безендіруге деген қызығушылықты дамыту; конструктор бөлшектері және оның қасиеті туралы білімді бекіту. Егуге арналған тұқымды қарау. (Танымдық, коммуникативті, физикалық дағды)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын	Дене шынықтыру	Қазақ тілі Тілдің грамматикалық құрылымы. Міндеттері: Өзойынжай және	Музыка Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын

		ажыратады.Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Дене шынықтыру		жайылмасөйлемдермен жеткізуге мүмкіндікберу. Д/о: «Ұзақ сөйлеммен айт» Мақсаты: сурет бойынша сөйлем құрастырту,қысқа сөйлемнен ұзақ сөйлемге дейін құрастырту.	ажыратады.Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу. Шешініп жатқанда киімді сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, ретін сақтай отырып, өздігінен киінуді үйретуді жалғастыру				
Серуен	Картотека№48	Картотека№49	Картотека№50	Картотека№51	Картотека№52
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну техникасы бойынша жаттығуларды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен көпірту, сумен шайғаннан кейін қолдың суын сарку. «Күн режимі» суреттерін қарау. Олар туралы әңгіме. Өз бетінше ойын әрекеті				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; тағам мәдениеті дағдыларын тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Дәлдік дағдыларын дамытуды жалғастыру. Асхана жиназдарының атауларын қазақша айту (стол – үстел, стул – орындық). Тақпақ айту: Терең – таяз емес Тәрелкеде кемелер: Бір бас пияз, Қызыл сәбіз, Ақжелкен, картоп Дәнді дақылдар. Міне, кеме жүзіп келеді Дәл аузыңызға түседі!				
Күндізгі ұйқы	В. Степановтың «Ұйқылы жол» өлеңін оқу. «Ғажайып ұйқы» релаксация жаттығуы Кірпіктер ауырлайды Көздер жабылады. Біз тыныштықта демаламыз Ғажайып түс көріп ұйықтаймыз. Жеңіл, біркелкі, терең тыныс аламыз. Қолымыз демалады Аяқтар да демалады.				

	Демал, ұйықта. Мойын тырыспайды Ал ол босаңсыды. Ерін сәл ашылған Барлығы керемет босаңсыған. Жеңіл, біркелкі, терең тыныс аламыз. Ширығыу басылды Және бүкіл дене босаңсыған.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Ұйқыдан ояту жаттығуы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Менің отбасым» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды ойын жағдайында ересектердің өмірі туралы білімдерін көрсетуге үйретуді жалғастыру «Тыңда-орында» дидактикалық ойыны Мақсаты: зейін мен есте сақтау қабілетін дамыту (Әлеуметтік дағды)	«Аурухана» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балаларды бірге ойнауға, ойыншықты күтуге үйрету. «Күшігін тап» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларда аңдардың негізгі белгісіне тоқтала отырып, оны табу қабілетін қалыптастыру (Танымдық, әлеуметтік дағды)	«Отбасымен пикникте» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың ойын ойларын кеңейту (Әлеуметтік дағды)	«Отбасының үлкені (кіші) кім?» Міндеттері: салыстыру нәтижелерін атау(ұзындау-қысқалау,кеңдеу-тарлау,жоғары-төмен,қалың-жұқа немесе ұзындығы,ені,биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (Танымдық, әлеуметтік дағды)	«Түлкі мен қасқыр» ертегісін сахналау. Мақсаты: диалогтік сөйлеуді дамыту; рөлге сәйкес дауыс түсін өзгертуге жаттығу. Жұмбақ шешу арқылы рөлдерді ойын түрінде бөлу (коммуникативті, әлеуметтік дағды)
Бесін ас	Ұқыпты жуыну дағдыларын тәрбиелеу. Тақпақ айту: Міне, түскі ас келді Балалар үстелге отырды.				
Балалармен жеке жұмыс	Раянамен: «Қате жасама!» дидактикалық ойыны. Міндеттері: Тәулік бөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін»,	Көркеммен: «Петрушкаға дыбысты айт» дидактикалық ойыны Міндеттері: қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуды және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді қалыптастыру. (коммуникативті,	Русанамен: «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны. Міндеттері: Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. (коммуникативті дағды)	Санжармен: «Үйшікте кім тұрады?»ойын жаттығуы (коммуникативті дағды)	Лейламен: «Штрихтау» ойын жаттығуы Міндеттері: заттарды бояуда пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға баулу. (Шығармашылық

	«кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (Танымдық дағды)	әлеуметтік дағды)			дағды)
Серуенге дайындық	Сыпайы сөздерді қолдана отырып, киім ауыстыратын бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: ретгілік, серуенге шығу. Серуенге баруға ынталандыру. «Көктемдегі киім» тақырыбында балалармен жеке әңгімелесу. «Ойлан тап» ойыны				
Серуен	Топырақты бақылау Мақсаты: <i>торф топырағының қыртысымен таныстыру.</i> Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін	Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол	Жолжелкенді бақылау Мақсаты:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері	Жәндіктерді бақылау Мақсаты: «Жәндікте р» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) - Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) Құжынаған жұмыскер,	Ауа-райын бақылау Мақсаты:Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Мендібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз екен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»- дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).

	салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> Қимылды ойын «Акку-каздар». <i>Мақсаты:</i> берілген кеңістікте белгі бойынша қашкандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. <i>Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</i>	бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. Бақбақ гүлінің түрі	тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиканға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар: Мамыр айын халықта қалай атайды? (<i>шешек айы</i>) Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде	Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіндер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты,</i>	Ал, сендер суреттен не көріп тұрсындар? (<i>қар еріп жатыр, жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр</i>) Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті,
--	---	---	---	--	--

		қандай?? Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? Бақбақтың қандай лақап аттары бар? Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмысы: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. <i>Мақсаты:</i> Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». <i>Мақсаты:</i> түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту <i>Мақсаты:</i> - Қимыл белсенділіктерін арттыру; Ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	жоқ? (<i>күннің көзі көп түскен жерде бар</i>) Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (<i>олар бұрынғыдан да жасылдана түседі</i>) Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (<i>жолжелкен</i>) Оны неге олай атаған? ♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі? Зерттеу жұмысы Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру. Еңбек: Ойын алаңын тазалау. <i>Мақсаты:</i> бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	<i>құмырсқа</i>). Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (<i>құмырсқа</i>) Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырскалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты:</i> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> жүкіру техникаларын жақсарту.	ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты:</i> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.
--	--	---	---	---	--

			Қимылды ойын: «Бәйге». <i>Мақсаты:</i> жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру <i>Мақсаты:</i> тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. <i>Мақал-мәтел:</i> Дана көптен, дәрі шөптен. <i>Құнарлы шөп, қосымша сүт.</i>		
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Күн жақсы, бірақ қалыпты жағдайда», «Балалардың жазғы демалысы туралы». «Ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру қызметімен қанағаттануы» сауалнамасы				

Фекерлері
Ақыл

ІҮ- апта
22.05–26.05.2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 22.05	Сейсенбі 23.05	Сәрсенбі 24.05	Бейсенбі 25.05	Жұма 26.05
Балаларды қабылдау	«Сұлу көктем» Мақсаты: балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. «Қоңырау» артикуляциялық гимнастика Мақсаты: артикуляциялық аппаратты дамыту	«Таң басталады» Мақсаты: қарым- қатынастағы қиындықтарды жеңу. «Отбасы» саусақ ойыны Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту	«Егер досыммен болса» Мақсаты: бір-біріне қатысты жағымды эмоцияларды дамыту. «Қызғалдақ гүлдейді» саусақ гимнастикасы	«Достық» Мақсаты: балалар арасында достық қарым- қатынас, үлкендермен сыйластық қарым- қатынас орнату. Психогимнастика «Күншуақ қоян» Мақсаты: қарым- қатынастағы қиындықтарды жеңу	«Шуақты күн» Мақсаты: балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру. Көктем туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер оқу. А. Саврасовтың «Ұзақ келді» суретін қарау
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Бірге уақыт өткізу» ата-аналармен әңгімелесу. «Отбасылық дәстүрлер» кеңес беру				
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау)	«Бізге көктем жылдам қадаммен келеді» әңгіме Мақсаты: ерте көктемнің белгілері туралы балалардың ойларын жинақтау; монологтық және диалогтік сөйлеуді дамыту. (Коммуникативтік дағдылары)	«Көктемде не болады?» дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың көктемгі табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жаңарту; тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру және толықтыру (Танымдық дағды)	Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы әңгіме. «Сұлу көктем» деп неге айтамыз? Көктем кімге көбірек ұнайды? П. И. Чайковскийдің «Жыл мезгілдері» музыкасын тыңдау (Шығармашылық дағды)	«Мен тұратын үй» әңгімелесу Міндеттері: салыстыру нәтижелерін атау. (Танымдық дағды)	«Жасыл дәріхана» дидактикалық ойыны Мақсаты: балалардың дәрілік өсімдіктер туралы білімдерін бекіту. Дәрумен туралы ситуациялық әңгіме Мақсаты: көкөністер мен жемістердің пайдасы туралы балалардың назарын аудару. (Танымдық дағды, әлеуметтік)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу Картотека№2				
Таңғы ас	Үстелді жабдықтау: кезекшілерді анықтау; мәзірмен танысу; ас құралдарын таңдау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық безендірілуіне аудару. Дәмді ботқа буы бұрқырап,				

	Маша ботқа жемек болды. Ботқа өте пайдалы, Оны асықпай жеді. Тоқтамастан қасықтап, Аз-аздап жеді...				
ҰІӨ дайындық	«Көктем күні» Міндеттері: Дайын мүсінді дөңгелек, сопақша элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. (Мүсіндеу, сөйлеуді дамыту) Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға баулу. (Шығармашылық, коммуникативті, танымдық дағды)	«Қай ағаш үлкен?» ойыны. Міндеттері: салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, биік-аласа). (Физикалық, танымдық дағдылары)	«Көктем туралы ертегі» Міндеттері: еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру (Коммуникативті, танымдық дағды)	«Саз» танымдық-зерттеу әрекеті Мақсаты: саздың негізгі қасиеттерімен таныстыру және бекіту; ұсақ моториканы дамыту; эксперимент жүргізуге қызығушылық тудыру; қорытынды жасай білуге тәрбиелеу. (Танымдық, әлеуметтік дағдылар)	«Гүлге арналған жиек» жасау Міндеттері: Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. (Шығармашылық дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Нұсқаушы: Рахматуллина Э. Жоспары бойынша	Музыка Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. Дене шынықтыру Нұсқаушы: Рахматуллина	Дене шынықтыру Нұсқаушы: Рахматуллина Э. Жоспары бойынша	Қазақ тілі Байланыстырып сөйлеу. суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықта р мен заттарды 4-5 сөйлем мен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.	Музыка Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.

		Э. Жоспары бойынша		Д/о: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттардың жеке - жеке таныта келе ,ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа ,шапшаңдылыққа баулу	
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу. Шешініп жатқанда киімді сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, ретін сақтай отырып, өздігінен киінуді үйретуді жалғастыру				
Серуен	Картотека№53	Картотека№54	Картотека№55	Картотека№56	Картотека№57
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну техникасы бойынша жаттығуларды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен көпірту, сумен шайғаннан кейін қолдың суын сарку. «Күн режимі» суреттерін қарау. Олар туралы әңгіме. Өз бетінше ойын әрекеті				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; тағам мәдениеті дағдыларын тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс. Дәлдік дағдыларын дамытуды жалғастыру. Тағам атауларын қазақша айту (нан – хлеб, май – масло). Тақпақ айту: Терең – таяз емес Тәрелкеде кемелер: Бір бас пияз, Қызыл сәбіз, Ақжелкен, картоп Дәнді дақылдар. Міне, кеме жүзіп келеді Дәл аузыңызға түседі!				
Күндізгі ұйқы	Көктем туралы өлең оқу. «Көктем тамшылары» тыңдау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Ояту гимнастикасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Ойлан тап, көрсет» дидактикалық ойыны Міндеттері: Фонемактикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын	«Күшігін тап» дидактикалық ойын Міндеттері:Төрт түлік және олардың төлдері (мінезіндегі ерекшеліктері,	«Қонақта» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: жүріс-тұрыс ережелерін үйретуді жалғастыру (Коммуникативтік,	«Кім дос?» коммуникативті ойын Мақсаты: топпен қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту (Коммуникативтік,	«Шалқан» ертегісін сахналау.

	сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға баулу; (Коммуникативтік дағды)	қозғалысы, қоректенуі, адамға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; (Танымдық, әлеуметтік дағдылар)	әлеуметтік дағдылар)	әлеуметтік дағдылар)	
Бесін ас	Ұқыпты жуыну дағдыларын тәрбиелеу. Тақпақ айту: Міне, түскі ас келді Балалар үстелге отырды				
Балалармен жеке жұмыс	Қуанмен: «Логикалық жұмбақ» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойлау жылдамдығын дамыту; логикалық ойлау қабілетін дамыту (Коммуникативтік дағды)	Аюбпен: «Дыбыс қайда жасырылды?» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздегі соңғы дыбысты айтуға жаттықтыру (Коммуникативтік дағды)	Абдулхакпен: «Әңгіме ойлап тап» дидактикалық ойыны. Мақсаты: «Көктем» картинасы бойынша шағын әңгіме құрастыра білуге тәрбиелеу (Коммуникативтік дағды)	Кенжеханмен: «Бұл кім?» ойын жаттығуы Мақсаты: жабайы және үй жануарларының атауларын бекіту (Танымдық, әлеуметтік дағдылар)	Мединамен: «Бояу» ойын жаттығуы Мақсаты: дұрыс бояуды, түстерді таңдауды үйрету (Шығармашылық дағдылар)
Серуенге дайындық	Сыпайы сөздерді қолдана отырып, киім ауыстыратын бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: реттілік, серуенге шығу. Серуенге шығуға ынталандыру. «Көктем келе жатыр, көктемге жол!» тақырыбында балалармен жеке әңгімелесу. «Түймелер» ойыны				
Серуен	Гүлзарды бақылау Мақсаты: Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту; Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау; Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді Қандай үй гүлдерін білесіңдер? Қандай дала гүлдерін	Велосипедті бақылау Мақсаты: <i>велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау.</i> Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкенді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед) Балаларға сұрақтар.	Құмырсқаларды бақылау Мақсаты: Құмырсқалар туралы білімдерін тиянақтау; Зерттеу жұмысына деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы Көркем сөз «Құмырсқа» Г. Өкеев Құжынаған құмырсқа, Ұйымшыл-ақ өздері. Шығады ерте жұмысқа.	Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы	Кемпірқосақты бақылау Мақсаты: өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап.

білесіңдер? Олардың қандай айырмашылығы бар? Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге? Сендердің үйлерінде гүл бар ма? Қандай? Оларды қалай күтесіңдер? Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек? Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады? Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек? Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға болмайды? Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады? Еңбек Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту). <i>Мақсаты:</i> Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау; Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. Қимылды ойын «Қай топ тез жиналады?». <i>Мақсаты:</i> жүкіруге жаттықтыру. Жаттығу ойыны «Құлап қалма». <i>Мақсаты:</i> бөрене үстімен	Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған) Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен) Велосипед қандай бөліктерден тұрады? Велосипедте жүру қиын ба? ♦Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе? ♦Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар ? ♦Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ? Еңбек Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру.</i> Қимылды ойын «Теңге алу». <i>Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу.</i> Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру.	Жүкпен қайтып қашықтан, Нелер шебер табылып, Илеуіне асыққан. Жасайды илеу жабылып. Бәрі еңбекпен шынығар, Жылт-жылт етіп көздері, Ісін тындырып тынығар. Балаларға сұрақтар Құмырсақалардың адамдарға және орманға қандай пайдасы бар? <i>(зиянда жәндіктерді құртады)</i> Орманның қандай тұрғыны құмырсақ мен оның көбелектерін (личинкаларын) жеуге құмар? (аю мен тоқылдақ) Құмырсақсыз жер болмайды. Құмырсақаларды «ағаш дәрігерлері» деп те атайды. Олар ағаштарды зиянды жәндіктерден қорғайды. Құмырсақалар өте еңбекқор, олар өздерінен бірнеше есе үлкен нәрселерді илеулеріне сүйретіп тасиды. Құмырсақалардың илеуінің тесігі төбесінде болады. Құмырсақалар өз илеуінен ешқашан адаспайды. Неліктен деп	Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркірейді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсақалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны	Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?
---	---	---	---	---

	жүруге жаттықтыру. Мақал-мәтел: - <i>Әр гүлдің иісі әр басқа.</i> Гүл-араға, бал-балаға. Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.	Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту. Мақал: <i>Жолда жүрсең, сақ жүр.</i>	ойлайсыңдар. Құмырсқалар өз илеулерін иіскеп жүріп иісінен табады. Әр илеу өз құмырсқаларынан басқа құмырсқаларды жолатпайды. Егер басқа илеудің құмырсқасы бара қалса, оны жабылып шағып тастайды. Әр илеудің өз иісі болады. Зерттеу қызметі Құмырсқалардың бір жолына құм, бір жолына қант себу. Олардың қалай әрекет ететінін бақылау. Еңбек Ойын алаңын тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білулерін жалғастыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: оң және сол аяқпен секіруге жаттықтыру. Тыйым сөздер: Құмырсқа илеуін бұзба.	қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.	Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Мақсаты: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады
Балалардың үйге қайтуы	«Кенеден сақ болыңыз!» ата-аналарға кеңес. «Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері» әңгімелесу				

ІҮ- апта
29.05–31.05.2023ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Сәрсенбі 29.05	Бейсенбі 30.05	Жұма 31.05
Балаларды қабылдау	«Егер досыммен» Мақсаты: бір-біріне деген жағымды эмоцияларды дамыту.	«Достық» Мақсаты: балалар арасында достық қарым-қатынас, үлкендермен сыйластық қарым-қатынас орнату.	«Шуақты күн» Мақсаты: балалардың жақсы көңіл-күйін қалыптастыру.
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	«Ауа-райы бойынша киіну» кеңес беру		
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау)	«Жәндіктер» әңгімелесу Міндеттері: Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (әлеуметтік дағдылар)	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Міндеттері: Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастыру және салыстыру (Танымдық дағды)	«Сөйлемді аяқта» сөйлеу ойыны Міндеттері: қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуды және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді қалыптастыру. (коммуникативтік дағдысы)
Ертеңгілік жаттығу	Ертеңгілік жаттығу Картотека №2		
Таңғы ас	Үстелді жабдықтау: кезекшілерді анықтау; мәзірмен танысу; ас құралдарын таңдау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық безендірілуіне аудару. Дәмді ботқа буы бұрқырап, Маша ботқа жемек болды. Ботқа өте пайдалы, Оны асықпай жеді. Токтамастан қасықтап, Аз-аздап жеді...		
ҮІӨ дайындық	«Бақбақтан гүл шоғы» Міндеттері: Балаларды суреттерді қылқаламмен бояуға, заттарды бояуда пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру.	«Серуен» ойыны Міндеттері: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең»	«Жәндіктер туралы жұмбақ» Мақсаты: мұқият тыңдай білуге тәрбиелеу; жұмбақтарды табуға үйрету; жәндіктер әлемінде деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

	(Шығармашылық, коммуникативті, әлеуметтік дағды)	туралы ұғымдарын кеңейту. (Танымдық, коммуникативті, физикалық дағды)	(коммуникативті, әлеуметтік дағды) Жәндіктер туралы бейнеролик көру
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру	Музыка Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу. Шешініп жатқанда киімді сыртқа айналдыруды, ұқыпты бүктеуді, ретін сақтай отырып, өздігінен киінуді үйретуді жалғастыру		
Серуен	Картотека№58	Картотека№59	Картотека№60
Серуеннен оралу	Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну техникасы бойынша жаттығуларды жалғастыру: жеңді қайыру, қолды сабынмен көпірту, сумен шайғаннан кейін қолдың суын сарку. «Күн режимі» суреттерін қарау. Олар туралы әңгіме. Өз бетінше ойын әрекеті		
Түскі ас	Ас құралдарын пайдалану, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіруді жалғастыру		
Күндізгі ұйқы	«Қобыз үні» бесік жыры		
Біртіндеп ұйқыдан ояту	Ояту гимнастикасы		
Балалардың дербес іс-әрекеті	«Адам неге сену керек» ойыны (доппен шеңберде) Мақсаты: адамның өмірі жақсы болуы үшін не нәрсеге сену керектігін білу, өйткені өмір жақсы істер үшін беріледі. (коммуникативті, әлеуметтік дағды)	«Біз спортшы» сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: спорттық дағдыларды жетілдіру: жүру, жүгіру, лақтыру, өрмелеу; дене қасиеттерін дамыту: жылдамдық, ептілік, қимылды үйлестіру, көз, кеңістікте бағдарлау. СӨС туралы бейнеролик көру Мақсаты: салауатты өмір салты туралы түсініктерін бекіту (коммуникативті, әлеуметтік дағды)	«СТО» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: конструктивті дағдыларды дамыту; ойнауға ыңғайлы орын табу; балалардың сөздік қорын кеңейту. Көркем шығармашылық. (Сурет салу) «Біз спортты жақсы көреміз» Мақсаты: тақырып бойынша сурет салу арқылы спортқа деген оң көзқарасты қалыптастыру
Бесін ас	Ұқыпты жуыну дағдыларын тәрбиелеу. Тақпақ айту: Міне, түскі ас келді Балалар үстелге отырды.		
Балалармен жеке жұмыс	Арланмен: «Затқа эпитет таңдау» дидактикалық ойын	Аңсармен: «Бөлмеге саяхат» дидактикалық ойын	Айсұлумен: «Стадионда» дидактикалық ойыны

	Мақсаты: балалардың сөздік қорын кеңейтуді жалғастыру (коммуникативті, әлеуметтік дағды)	Мақсаты: кеңістікте бағдарлауға үйретуді жалғастыру (танымдық, әлеуметтік дағды)	Мақсаты: қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау мәдениеті дағдысын дамытуды жалғастыру (танымдық, әлеуметтік дағды)
Серуенге дайындық	Сыпайы сөздерді қолдана отырып, киім ауыстыратын бөлмеде өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға, көмек сұрауға үйретуді жалғастыру. Киіну: реттілік, серуенге шығу. Серуенге шығуға ынталандыру. «Табиғатты бірге аялайық» тақырыбында балалармен жеке әңгімелесу. «Не болмайды» ойыны		
Серуен	Көбелектерді бақылау. Мақсаты: - көбелектер туралы білімдерін молайту: пайда болуы, көбеюі, құрлысы, пайдасы; -барлық тірі табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Қызыл-жасыл көбелек» III. Мұхаметжанов Дала қандай керемет, Қойның гүлге толады. Қызыл-жасыл көбелек, Бір ұшып, бір қонады. Жазда, жасыл алқапта, гүлдер басында әдемі көбелектер ұшып жүреді. Олар сондай әдемі, түрлі-түсті. Зерттеу жұмысы Қай гүлге қандай көбелектер қонып жүргенін қарау. (көбелектер көбіне өзі түстес гүлдерге құмар болады) Қимылды ойын: «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүккіруге, өрмелеуге жаттықтыру.</i> Жаттығу ойыны: «Кеглиді құлат». <i>Мақсаты:</i> Дәлдеп тигізе білуге жаттықтыру.	Ауа райын бақылау <i>Жұмбақ</i> Тырсылдап түседі, Жер бетіне жетеді. Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақ) <i>Бақылау:</i> Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел). <i>Қимылды ойын: «Допты дәлдеп тигіз»</i> Балаларды дұрыс дәлдеп допты түзу лақтыру арқылы ойынды жалғастыру, арақашықтықты сақтау. <i>Өз бетімен ойнау: «Сабынды сумен ойнау»</i> Табакшаға көпіршікті жинап, дөңгелек көпіршіктерін жіберу немесе дайын көпіршіктерді қолданып үрлеп, ойынауды жалғастыру.	№ 2 Күннің көзін бақылаймыз <i>Жұмбақ</i> Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) <i>Бақылау:</i> Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды көп береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. <i>Тәжірибе:</i> қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру. Шешім қабылдау. <i>Қимылды ойын: «Күн мен түн»</i> Ойын әрекетінде орындауға талаптануын мадақтау. <i>Еңбек:</i> Аулада жұмыс. Балалар ойнайтын құмның жан-жағын жинап, жоғары көтеру. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Балаларға ойнауға жағдай жасау. Ертегіден көріністер көрсету, бағыт – бағдар беру.
Балалардың үйге қайтуы	«Балаларға ормандағы өзін-өзі ұстау ережелері туралы айт» ата-аналарға кеңес.	«Біздің пикник» фотосурет көрмесі.	Учаскеде жұмыс істеу

